

**Теориялық сабақ жоспары/ Plan of the theoretical lesson/
План теоретического занятия**

Өту уақыты/Date/Дата проведения:

Пән/Subject/Дисциплина: Қазақ әдебиеті

Курс/Course/Курс: 2

Топ/ Group/Группа : ДІ 23

Мамандық/Occupation/Специальность: «Дәнекерлеу ісі»

Оқытушы/ Teacher/Преподаватель: Боздаева А.А.

Сабақтың тақырыбы/The theme of the lesson/Тема урока: М. Мақатаев ақынның өмірі, шығармашылығы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.

Сабақтың мақсаты/The aims of the lesson/Цели урока:

Білімділік /Educational/Образовательная: Мұқағали әлемі туралы кеңінен мағлұмат беру, ақын шығармаларының идеялық, көркемдік мазмұнын ашу, поэмадағы аққу сұлулығын ашу, көркемдік ерекшелігіне тоқталу, поэманың тақырыбы мен идеясын ашу.

Дамытушылық/Developing/Развивающая: Әдеби-теориялық білімдерін дамыту, өз пікірлерін еркін айта білуге және дәлелді түрде жеткізе білуге үйрету.

Тәрбиелік/Upbringing/Воспитательная: Оқушыларды табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу, табиғат пен адам арасындағы заңдылықтарды сақтай білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Кіріктірілген сабақ, жаңалықты қолдану сабағы.

Сабақтың әдісі: СТО әдістері, ой туындату.

Сабақтың көрнекілігі: Портреті, жиналмалы кітапша, шығармалар жинағы, слайдтар, бағалау парағы.

Қолданылатын құралдар: интерактивті тақта.

Таудай едің, таудың алып тумасы

Нағыз қазақ едің сөздің турасы.

Қыр басында нағып шөгіп жатырсың,

Ей, өлеңнің буырқанған бурасы.

Сабақтың барысы

Ұйымдастыру кезеңі: студенттермен сәлемдесу, түгендеу. (5 мин)

Әрбір әрпі қанға шомған тарихына қараңдар.

Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар.

Тату – тәтті бармысыдар, армысыңдар, Адамдар!

Бағалау парағын тарату

Бағалау парағы

Аты жөнім: _____

Менің алғым келетін баға: _____

Тапсырмалар	Баға
Тест	
Сәйкестендіру	
Топпен жұмыс	
Поэмамен жұмыс	

Менің бүгінгі бағам: _____

• **Үй тапсырмасын тексеру. (10 мин)**

Тест

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов туған жылы

А. 1924 жылы

Ә. 1934 жылы

Б. 1946 жылы

2. Әбдіжәміл Нұрпейісов туған жері

А. Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Әуелбек ауылы

Ә. Қызылорда облысы Абай ауданында Балықшы ауылы

Б. Қызылорда облысының Арал ауданында Құланды ауылы

3. Әбдіжәміл Нұрпейісов білім алған ошағы

А. Алматыдағы Әл Фараби атындағы университеті

Ә. Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институты

Б. Мәскеудегі М.Горький атындағы тіл мен өнер институты

4. Тұңғыш шығармасы

А. «Курляндия» романы

Ә. «Соңғы парыз» романы

Б. «Қан мен тер» романы

5. «Соңғы парыз» романының тақырыбы

А. А.П.Чехов, М.Горький, Н.Хикмет, А.Кэссон

Ә. А.С.Пушкин, М.Горький, Н.Хикмет, А.Кэссон

Б. А.П.Чехов, М.Горький, Н.Хикмет, Д.Лондон

6. «Қан мен тер» неше романнан тұрады?

А. 2

Ә. 3

Б. 1

7. «Қан мен тер» аудармасы

А. «Сумерки и мытарства»

Ә. «Крушение и борьба»

Б. «Кровь и пот»

8. «Қан мен тер» ненің символы?

А. Соғыс пен қиындық

Ә. Өмір үшін күрес пен қиындық

Б. Өмір үшін күрес пен махаббат

9. Трилогияның негізгі кейіпкерлері

А. Нәзира, Света, партизандар

Ә. Еламан, Ақбала, Ахмет

Б. Еламан, Ақбала, Тәңірберген

10. «Қан мен тер» трилогиясында не суреттелген?

А. Ұлы Отан соғысының зардаптары суреттелген

Ә. Халқымыздың Қазан төңкерісіне дейінгі, кейінгі тыныс-тіршілігі, Азамат соғысының зардаптары, Кеңес үкіметінің орнауы, тарихи бетбұрыстар кезіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынастар кеңінен суреттелген

Б. Трилогияда халқымыздың тәуелсіздік жолындағы күрес суреттелген

Тест кілті:

1-А, 2-Б, 3-Ә, 4-А, 5-А, 6-Ә, 7-Б, 8-Ә, 9-Б, 10-Ә

Бағалау:

«5»- 10 ҰПАЙ

«4»- 8-9 ҰПАЙ

«3»- 5-7 ҰПАЙ

«2»-0-4 ҰПАЙ

Студенттер өздерін бағалайды.

Сәйкестендіру. Сөздікпен жұмыс.

1	Қан	А	Крушение
2	Тер	В	Октябрьская революция
3	Күрес	С	Мытарства
4	Қазан төңкерісі	Д	Кровь
5	Ымырт	Е	Пот
6	Сергелдең	Ғ	Борьба
7	Күйреу	Г	Сумерки

Әрбір әрпі қанға шомған тарихына қараңдар.

Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар.

Тату – тәтті бармысыдар, армысыңдар, Адамдар! –

деп, сіздермен Мұқағали Мақатаев атамыздың амандасу салтымен амандасқан едім.

Бұл тегін емес.

Жаңа сабақты түсіндіру. (30 мин)

Бүгінгі сабақта біз Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығымен танысамыз. Студенттер, ақын Жәркен Бөдешұлы айтып өткендей қазақ жырының қара бурасы атанған ақын М. Мақатаевтың өткен белестермен шығармаларын ой елегін өткізбекшіміз. Алдымен ақынның өмір жолы туралы видео қарап алайық. (Мұқағали Мақатаевқа арналған деректі фильм) Сабағымыздың жоспарына келетін болсақ: 1 бөлім «Мұқағали Мақатаевтың өмірбаяны», 2 бөлім «Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы», 3 бөлім «Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы» міне осы бөлімдер бойынша біз сабағымызды жүргіземіз.

«Менің анкетам» өлеңін тыңдай отырып, өмір жолына шолу жасау.

<https://youtu.be/shqK5GNAGX4>

Өмірбаяны.

Қызмет жолдары.

Шығармашылығы.

Әр топ өзінің тақырыбын қорғайды.

Мұғалім сөзі. Өте жақсы енді студенттер осы аталған өлеңдерін Мұқағали Мақатаевтың өз дауысымен оқығанын естейік.

<https://youtu.be/QzVIBIvCb0g>

**Махаббат үшін жасалған қылмысты ақтауға бола ма?
Можно ли оправдать преступление, совершенное во имя любви?
Is it possible to justify a crime that done out of love?**

**Н.С.Лесковтың "Мцен уезіндегі
Макбет бикеш" повесінен**

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдау.

<https://ok.ru/video/841265779078>

«Аққу» күйін сендерге тыңдатып отырған себебім: бүгінгі ашық сабағымызда ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқимыз.

Поэмаға тоқталу. (10 мин)

- Н.Тілендиевтің «Аққу» күйі әуенімен поэманы мәнерлеп оқимыз.

Поэманы талдау. (7 мин)

Соттың басталуы (17 мин)

Төбе би – оқытушы сот сабақты ашады:

- Билер соты туралы түсінік беру.

Билер сотының тағы бір артықшылығы айыпкерге тағылатын күнә жеткіліксіз жағдайда ақылдастар алқасының көмегіне жүгінетін болған. Ақылдастар алқасы айыпкерді жақсы білетін, оның адал да әділ руластарынан тұратын болуы тиіс еді. Олар өздерінің адалдығына ант ішіп, сотқа тартылған адамды не айыптап, не ақтап шығу керек. Шағымданушының шағымы тыңдалады:

Шағымданушы: - Уа, Билер алқасы. Мен жылқышымын. Сіздерге аққуды атқан әйелдің үстінен шағым айта келдім. Әйелге істеген ісінің қате екенін мойындатыңыздаршы.

Әйелге қойылатын сұрақтар:

Төбе би:

- Аққуды атқаның рас па?
- Аққуды атуыңа не себеп болды?
- Баланы аққудың қанатымен ұшықтасаң жазылады дегенді саған кім айтты?
- Куәгерлер бар ма?
- Әйелдің аққуды атқанын өз көзіңмен көрдің бе?
- Ол саған не деді?
- Әйелдің күйеуі бұл туралы не дейді?
- Тәуіп сен неге баланы аққудың қанатымен ұшықтауға кеңес бердің?

- Барлық тарапты тыңдап болдық. Енді ақылдастар алқасы не дейсіздер?
Студенттер осы жағдай бойынша өз ойларын білдіреді.

Жаңа сабақты бекіту: (7 мин)

Қорытынды:

*Орнында екен Жетімкөл жоғалмапты,
Ортаймапты немесе тола алмапты,
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
Қасиетті аққулар оралмапты.*

Дүниеде екі ана бар. Бірі – тіршіліктің анасы – табиғат ана, екіншісі адамның анасы. Екеуіне де қаталдық көрсетуге, жанын жаралауға болмайды. Бірақ біз, адамдар солай етіп жүрміз бе?

Анаға қасиетке оқ атқызған қандай күш?

Әрине, ол – балаға деген ана махаббаты.

Сендер поэманың өн бойында табиғаттың керемет сұлулығын, оның тұтастығын, тауы, көлі, бұлбұлы, көкқұтаны, қызғышы, аққуы, шөбі, қурайына дейін үндесіп, бір-біріне сүйеніп өмір сүретінін байқадыңдар ма? Өз анаңа, досыңа қандай қарым-қатынас, пейілде болсаң, табиғатқа да сондай қатынасты, яғни адамгершілік қарым- қатынасты қалыптастыруың қажет. Сонда ғана біз «адам» деген атқа лайық боламыз.

Топтастыру. Мұқағали Мақатаев кім?

Бағалау: бағалау парағының қорытындысын шығару.(4 мин)

Үйге тапсырма: Үзінді жаттау.

Әрбір әрпі қанға шомған тарихына
қарандар.

Отырардай опат болған қала жоқ
па, жарандар.

Тату – тәтті бармысындар,
армысындар, Адамдар!

Сабақтың тақырыбы:

**М. Мақатаев ақынның өмірі,
шығармашылығы «Аққулар
ұйықтағанда» поэмасы**

Мақсаты:

Білімділік: Мұқағали әлемі туралы кеңінен мағлұмат беру, ақын шығармаларының идеялық, көркемдік мазмұнын ашу, поэмадағы аққу сұлулығын ашу, көркемдік ерекшелігіне тоқталу, поэманың тақырыбы мен идеясын ашу.

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу,

табиғат пен адам арасындағы заңдылықтарды сақтай білуге тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Әдеби-теориялық білімдерін дамыту, өз пікірлерін еркін айта білуге және дәлелді түрде жеткізе білуге үйрету.

Бағалау парағы

Аты жөнім: _____

Менің алғым келетін баға: _____

Тапсырмалар	Баға
Тест	
Сәйкестендіру	
Топпен жұмыс	
Поэмамен жұмыс	

Менің бүгінгі бағам: _____

Тест кілті:

**1-А, 2-Б, 3-Ә, 4-А, 5-А,
6-Ә, 7-Б, 8-Ә, 9-Б, 10-Ә**

Бағалау:

«5»- 10 ҰПАЙ

«4»- 8-9 ҰПАЙ

«3»- 5-7 ҰПАЙ

«2»-0-4 ҰПАЙ

Сәйкестендіру

1	Қан		A	Крушение
2	Тер		B	Октябрьская революция
3	Күрес		C	Мытарства
4	Қазан төңкерісі		D	Кровь
5	Ымырт		E	Пот
6	Сергелден		F	Борьба
7	Күйреу		G	Сумерки

1 топ: «М. Мақатаевтың өмірбаяны»

2 топ: «М. Мақатаевтың шығармашылығы»

3 топ «Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы»